6В11313 – КӨЛІК ЖЕНЕ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ БАСҚАРУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Тасымалдауды ұйымдастыру, жеткізу тізбектерін басқару және цифрлық технологияларды қолдану саласында заманауи кәсіби құзыреттерге ие көлік және логистикалық жүйелерді басқару саласы үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.
БББ міндеттері	- көлік және логистикалық жүйелер саласында теориялық білімді қалыптастыру; - жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды жоспарлау, ұйымдастыру және басқару дағдыларын дамыту; - логистикалық процестерді талдау, оңтайландыру және цифрландыру әдістерін игеру; - кәсіби жауапкершілікті, басқарушылық ойлауды және командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру; - білім алушыларды зерттеу және талдау қызметіне тарту; - сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualific ation Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	1. ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 ж. № 114 бұйрығы. «Жеткізу тізбегінде жүктерді тасымалдау жөніндегі логистикалық қызмет» кәсіптік стандарты. 2. 01.09.2023 ж. № 136 бұйрыққа, № 76- қосымша. «Автомобиль көлігіндегі көліктік-экспедициялық қызмет көрсету» кәсіптік стандарты, 2025 ж. 2-нұсқа. 3. ҚР Көлік министрінің 19.01.2026 ж. № 5 бұйрығы. «Теміржол көлігіндегі көліктік-экспедициялық қызметтер» кәсіптік стандарты. 4. 01.09.2023. №136 бұйрық, № 69 қосымша, «Жолаушылар тасымалы логистикасы» кәсіби стандарты. 5. «Көлік логистикасы» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңбері (СБШ), 2019ж. 6. Қазақстанның «Көлік және логистика» жаңа кәсіптері мен құзыреттерінің атласы, 2020. 7. Шымкент қаласының кадрларға қажеттіліктің өңірлік картасы, 2025. 8. Алматы қаласының жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы, 2024.

Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6В11313- Көлік және логистикалық жүйелерді басқару» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры» дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Көлік жөніндегі менеджер (логистика бойынша), логистика жөніндегі маман (мультимодальды тасымалдау бойынша), тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер (жеткізу тізбегіндегі жүктер), логистика жөніндегі маман (көлікте), көлік менеджері (логист менеджер), көлік-экспедициялық қызмет саласындағы маман (теміржол көлігінде), жолаушылар тасымалы қызметінің бастығы, жолаушылар көлігі инфрақұрылымын дамыту жөніндегі маман, сандық логист, ITS жобалаушысы, пилотсыз аппараттар паркін қашықтан басқару операторы, цифрлық орау және таңбалау жөніндегі маман, цифрлық логистика жөніндегі маман, цифрлық жеткізу тізбегінің менеджері, мультимодальды логистикалық хабтар менеджері, көлікті басқарудың интеллектуалды жүйелерін жасаушылар; 4PL логистикалық тізбек интеграторы.
Кәсіби қызмет саласы	Көлік-коммуникация кешені ұйымдары, логистикалық компаниялар, жүк және жолаушылар тасымалы кәсіпорындары, көлік-экспедициялық ұйымдар, қойма және тарату орталықтары, көлікті басқару органдары.
Кәсіби қызмет нысандары	Көлік және логистикалық жүйелер, жүктерді және жолаушыларды тасымалдау процестері, жеткізу тізбектері, көлік инфрақұрылымы, логистиканы басқарудың цифрлық жүйелері.
Кәсіби қызмет пәні	Көлік және логистикалық процестерді басқару әдістері мен модельдері, тасымалдауды ұйымдастыру технологиялары, логистикалық жүйелерді оңтайландыру және цифрландыру әдістері.
Кәсіби қызмет түрлері	- ұйымдастырушылық-басқарушылық; - өндірістік-технологиялық; - аналитикалық; - жобалық.